

Жетісай ауданыадами әлеуетті дамыту
бөлімінің басшысы

Т. Мирзалиев

2021 жылғы «__» _____

№ _____

1-қосымша

АУДАНДЫҚ «ҮЗДІК ӘДІСТЕМЕЛІК БАСЫЛЫМДАР» СЫРТТАЙ БАЙҚАУЫНҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы аудандық «Үздік әдістемелік басылымдар» сырттай байқауын (әрі қарай – Байқау) өткізу Ережесі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында әзірленген.
- 1.2. Кәсіби байқаулар өткізу білім беру жүйесіндегі инновациялық қызметтің нысаналы дамуына, педагогтердің кәсіби шыңдалуына ықпал етеді.
- 1.3. Байқауды Жетісай ауданы әдістемелік кабинеті өткізеді.
- 1.4. Байқауға білім беру ұйымдарының химия, биология, география, физика, математика, тарих, информатика, көркем еңбек пәндері мұғалімдері, әдіскерлері шығармашылық жұмыстарының әдістемелік әзірлемелерін ұсыну арқылы қатысады.
- 1.5. Байқауды өткізу үшін қатысушылардың кворумы жалпы санының үштен екі санынан кем болмауға тиіс.

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Байқаудың мақсаты - облыс педагогтерінің шығармашылық және кәсіби өсуін ынталандыру, озық тәжірибелерін жинақтау және тарату.
- 2.2. Байқаудың міндеттері:
 - педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру;
 - озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және тарату;
 - білім беру кеңістігін әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру.

III. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

- 3.1. Байқауға дайындық, оны өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін аудандықбілім бөлімі басшысы бұйрығы негізінде ұйымдастыру комитеті құрылады. Аудандық ұйымдастыру комитетінің

құрамына әдістемелік кабинет меңгерушісі және бөлім басшысы, әдіскерлері енеді.

3.2. Аудандық әдістемелік кабинет меңгерушісі ұйымдастыру комитетінің төрайымы болып табылады.

3.3. Аудандық ұйымдастыру комитеті:

- байқаудың барлық кезеңдерін өткізу тәртібін анықтайды;
- байқауды тікелей басқаруды жүзеге асырады;
- байқаудың жоғары деңгейде өтуі үшін пәндер бойынша қазылар алқасы құрамын анықтайды;
- пәндер бойынша қазылар алқасы жұмысын ұйымдастырады;
- облыстық байқаудың қорытындысына талдау жасайды және жинақтайды, есеп береді.

IV. БАЙҚАУДЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Байқаудың қазылар алқасы: төрағадан (төрайымнан) және алқа мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасының төрағасы (төрайымы) мен мүшелерін аудандық әдістемелік кабинетінің меңгерушісі бекітеді.

Қазылар алқасының құрамына ЖОО оқытушылары немесе біліктілікті арттыру орталықтарының мамандары, жоғары біліктілігі бар педагогтер кіреді.

4.2. Аудандық байқаудың қазылар алқасы:

- ұйымдастыру комитетіне пәндер бойынша байқау қорытындысы туралы есеп тапсырады;
- ұйымдастыру комитетіне жүлдегерлер мен жеңімпаздарды марапаттау жөніндегі ұсыныстар жасайды;
- байқау қатысушыларының орындаған жұмыстарына талдау жүргізеді;
- жеңімпаздарды анықтайды және ұйымдастыру комитетіне жүлделі орындарды тағайындау үшін ұсыныстар береді.
- қазылар алқасы қажет болған жағдайда тиісті жұмысты қайта қарайтын болады;

V. БАЙҚАУ КЕЗЕҢДЕРІ, ҚАТЫСУШЫЛАР ЖӘНЕ ОНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Байқау кезеңдері:

- I кезең – аудандық, қалалық.
- II кезең – облыстық.

5.2. Байқау келесі бағыттар бойынша өткізіледі:

- химия;
- биология;
- география;
- математика;
- физика;
- тарих;
- информатика;

- көркем еңбек.

5.3. Байқауға әдістемелік әзірлемелердің келесі түрлері қабылданады:

- оқу-әдістемелік құрал (көлемі 5 баспа беттен кем болмауы керек (1 баспа бет 16 бет) - оқыту пәнін, оның тарауын, бөлігін оқыту және меңгеру әдістемелері бойынша материалдарды қамтитын оқу басылымының түрі;
- әдістемелік нұсқаулық (көлемі 1 баспа беттен 3 баспа бетке дейін) – қандай да бір жұмыстың орындалу әдістемесіне баса назар аударатын құрал;
- оқу-әдістемелік жинақ (көлемі 3 баспа беттен жоғары) бірқатар жұмыс түрлерінің (бағдарламалар, жиынтық бағалау тапсырмалары, түрлі бағыттағы (олимпиада тапсырмаларының жинағы, зертханалық және сарамандық жұмыстар жинағы, құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар жинағы.т.с.с.) жиынтығын қамтитын әдістемелік басылым.
- авторлық бағдарлама;

5.5. Әдістемелік әзірлемелердің құрылымына қойылатын талаптар

1. Сыртқы мұқаба.
2. Титул парағы (бірінші беті).
3. Ақпараттық парақ (бірінші беттің ішкі жағы).
4. Мазмұны.
5. Алғы сөз (алғы сөздің болуы міндетті емес)
6. Кіріспе.
7. Негізгі бөлім.
8. Қорытынды.
9. Қосымшалар.
10. Сөздік, глоссарий.
11. Әдебиет тізімі.

ҮІ. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Байқауға аудандық, қалалық кезеңнің нәтижесі бойынша жеңімпаздар облыстық байқауға қатыса алады.

6.2. Байқауға қатысушылар қазылар алқасының шешімімен келіспеген жағдайда, байқау қорытындысы шыққаннан кейін бір тәулік ішінде апелляцияға жүгінуіне болады.

6.2. Байқауға қатысушылар белгіленген уақыттан кешікпей осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкес жұмыстарын жіберуі керек.

6.3. Соңғы 3 жылдағы аталған байқау жүлдегерлері байқауға қатыса алмайды.

ҮІІ. БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУДЫҢ ЖАЛПЫ ӨЛШЕМШАРТТАРЫ

7.1. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемшарттары:

- тақырыптың өзектілігі (білім беруді дамытуда жаңа бағыттардың көрінуі);

- тақырыпқа мазмұнының сәйкес келуі;
- ұсынылған материалдардың жаңашылдығы және ерекшелігі;
- материалдың инновациялық құндылығы;
- әдістемелік және теориялық бөлімінің сипаттамасының болуы;
- құрылымының оқырманға түсініктілігі;
- жұмыстың оқу-тәрбие үдерісінде қолдануға бағытталуы;
- рәсімделуінің талапқа сай келуі.

7.2. Жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Материалдар форматы – Word, шрифт – Times New Roman, қаріп – 14жол аралық интервал – біреулік. Сол жағы – 30 мм, оң жағы – 15 мм, төменгі жағы – 20 мм, жоғары жағы – 15 мм. Электронды түрде: диск – SD RW.

8. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТАПСЫРАТЫН ҚҰЖАТТАРЫ МЕН МАТЕРИАЛДАР

8.1. Аудандық, қалалық кезеңнің нәтижесі бойынша облыстық деңгейге әр аудан, қаладан (осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген бағыттарға сәйкес) әдістемелік әзірлемелер ұсынылады.

- оқу-әдістемелік құрал;
- оқу-әдістемелік жинақ;
- әдістемелік нұсқаулық.
- авторлық бағдарлама;

8.2. Аудандық білім бөліміне тапсырылатын құжаттар тізімі:

- аудандық, қалалық білім бөлімі басшысының үлгіге сәйкес сұранысы;
- аудандық, қалалық кезеңде I орынға ие болған әдістемелік басылымдар (электронды нұсқасында);
- жеке куәліктерінің көшірмесі.

Аудандық «Ең үздік әдістемелік басылымдар» сырттай байқауына қатысуға СҰРАНЫС

№	Мұғалімнің аты-жөні	Ауданы	Мектебі	Пәні	Пед. өтілі, санаты	Жұмыс атауы	Ұялы телефоны, электронды поштасы
1							

9. БАЙҚАУ МАТЕРИАЛДАРЫН ҰСЫНУДЫҢ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

Сырттай байқауға ұсынылған әдістемелік әзірлемелер **2021 жылдың 22-қарашасына** дейін тиісті пән әдіскерлерінің поштасына электронды және кітапша (қағаз) түрінде тапсырылуы тиіс.

Ескерту: қараша айының 22-нен кешіккен жұмыстар қабылданбайды. Байқауға түскен жұмыстарға рецензиялар берілмейді, материалдар қайтарылмайды.

10.БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ

Байқаудың қорытындысы бойынша 2021 жылдың 25 қарашасында **әр бағыттағы әдістемелік әзірлемелер бойынша** жүлделі орындарға ие болған мұғалімдердің жұмыстары аудандық әдістемелік кеңестің шешімімен тәжірибесі ауданға таратылады және Жетісай ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

Ескерту: Сараптау комиссиясының белгілеген ережесі өзгертілмейді.

№	Пәндер	Аты-жөні	Электронды пошта
1	Математика	Алимбетова Айгүл	abb_aigul80@mail.ru
	Физика		
2	Тарих	Есенбаева Улжан	uljan84@mail.ru
	География		
3	Химия	Оспанова Зауре	zaure.ospanova1973@mail.ru
	Биология		
4	Информатика	Әуелбекұлы Мәліс	roo_mels_84@mail.ru
5	Көркем еңбек	Дінтаев Ержан	dintaeve@mail.ru